



**Автор:** Альянова Жанат Рамазановна  
**Пән:** Қазақ тілі (Т1)  
**Сынып:** 2-сынып  
**Бөлім:** Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті  
**Тақырып:** Жалқы есім және жалпы есім

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.1.4.1 - Жалқы және жалпы есім туралы түсінік беру. Сөйлем ішінен жалқы есім мен жалпы есімді таба білуге үйрету. 2.2.3.1 - Ойлау қабілеті мен дүниетанымын кеңейту. Шығармашылық жұмыс істей отырып сөздік қорларын молайту.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар жасай алады: • Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді. Оқушылардың көбі жасай алады: • Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады. Оқушылардың кейбірі жасай алады: • Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Тілдік мақсаттар:	Сөз және оның мағынасы Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Тірек сөздердің айтылуын, есте сақтау дағдысын қалыптастыру; тірек сөздерді сабақ барысында қайталану. Талқылауға арналған сұрақтар: Не себепті.....деп ойлайсыз 1.Сөйлем дегеніміз не? 2. Сөйлем нелерден құралады? 3. Сөйлемдегі сөздер қалай жазылады? 4.Сөйлем қандай әріптен бастап жазылады? 5.Сөйлемдегі сөздердің байланысын қалай білеміз?
Күтілетін нәтиже:	Барлық оқушылар жасай алады: • Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді. Оқушылардың көбі жасай алады: • Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады. Оқушылардың кейбірі жасай алады: • Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Бағалау критерийлері:	Жалқы және жалпы есім туралы түсінік беру. Сөйлем ішінен жалқы есім мен жалпы есімді таба біледі. Ойлау қабілеті мен дүниетанымын кеңейтеді. Шығармашылық жұмыс істей отырып сөздік қорларын молайтады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу; <a href="https://imektep.kz/kz">https://imektep.kz/kz</a>
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, әдебиеттік оқу
Бастапқы білім:	Зат есім


### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	<p>Ұ) Ұйымдастыру кезеңі Оқушыларға жайлы ахуал ұйымдастыру.</p> <p>-Бүгінгі сабаққа «Бала -өмірдің гүлі»деп әдемі гүлшоғымен келдім. Әр бала гүлдің күлтешесін алып, ондағы сөздерге байланысты топқа бөлініп отырады. Оқушылар қалаған гүл күлтешелерінің сөздеріне қарай топтарға бөлініп отырады.</p> <p>1 топ-«Біздің» 2топ -«Сынып» 3 топ- «Өте» 4топ -«Керемет»</p> <p>Әр топ алған сөздерді қайталайық. Біздің сынып өте керемет! Мінеосындай тамаша девизбен бүгінгі сабағымызды бастайық. Жұмысережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!</p> <p>Үй жұмысын тексеру: Зат есімнің ережесін сұрау; мультимедиялық оқу құралынан «Кім? Не?» ойынын ойнау. Бағалау. «Бас бармақ» әдісі бойынша бағалау.</p>	Интербелсенді тақта , плакат. мультимедиялық оқу құралы
---------------	---	--

Сабақтың ортасы

«Ой шақыру» әдісі -Суретте не көріп тұрсыңдар? -Картада нелер бейнеленген?  
-Қала, өзен, көл, тау аттарын атату.  
-Үй жануарларының суреттерін көрсету.  
-Осы жануарлардың қайсысына ат қоямыз?  
-Бүгін Қазақстан Республикасының саяси картасындағы көптеген суреттердің атауларын жазамыз. Жұлдыз,Бота,бота, жұлдыз,Астана,Құлагер,Ертіс,Ақтөс.  
-Осы сөздерден екі рет қайталанған сөздер бар ма? -тағы қандай өзгешеліктерді байқап отырмыз? Олай болса бүгінгі сабағымыздың мәні де осында  
imekter.kz сайтынан «Жалқы есім және жалпы есім» бейнежазбасын қарау.  
- Жалқы есім дегенімізді қалай түсіндіңдер?  
- Жалпы есім ше?  
- Жалқы есімдер қалай жазылады?  
Қорытынды: Ереже. Кісінің аты - жөні, жер - су аттары, жан - жануарға қойылған атаулар жалқы есім деп аталады. Жалқы есімдер әр уақытта бас әріппен жазылады: Сәуле, Тараз, Ақтөс. Жалқы есімдерден басқа зат есімдерді жалпы есімдер дейміз:өзен, аққу, оқытушы  
Ширату тапсырмасы. Оқушыларға сұрақтар қойылады: Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда)  
Оқулықпен жұмыс 51-бет



Дескриптор:  Тыңдалған өлең бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, өлеңде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді,зат есімді табады..

Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады.

Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.

ҚБ: смайлик арқылы бағалау.

Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау.

Өлеңді жатқа жаз

Бекен,Төкен,

Тете\*екен.

Тете үлкені

Бекен екен.

Тете-араларында бала жоқ ағайындылар

Дескриптор:  Оқыған өлең бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, өлеңде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді,жалқы есімді табады.

Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады.

Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.

Сергіту сәті

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

1 топ –Сәйкестендіру

2 топ –Қатесін тап

3 топ-Сөз ойла ,тез ойла


4-топ-Ойлан тап

Белсенді оқу тапсырмалары.  
Суреттер

<https://imekter.kz/kz>

Оқулық

Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.

Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Семантикалық карта</p> <p>Image not found of type unknown</p>  <p>(ҚБ) “Бағдаршам ” әдісі.</p>	
Рефлексия	<p>Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) «Білім сандығы» кері байланыс. Үй жұмысы 52-бет 33-жаттығу</p>	<p>Image not found of type unknown</p> 